

Б.С. Қапалбек^{1*}, А.М. Кенжеқожаева²

*Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhomart_til@mail.ru)*

ORCID: 0000-0002-0679-1304¹

ORCID: 0000-0003-3508-7022²

Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептегі білім туралы ұстанымдары

Мақалада ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектепте білім берудегі ұстанымдары туралы талданған. Ахмет Байтұрсынұлының «Бастауыш мектеп» атты мақаласындағы тұжырымдары мен қағидалары, бастауышта оқытылатын пәндер мен әліппенің тұжырымдамасы баяндалып, бүгінгі бастауыштағы жаңартылған бағдарламамен берілетін білім жүйесімен салыстырылған. Ондағы «Ана тілі» мен «Әліппенің» пәндік ерекшеліктері мен қайшылықтары сараланып, айтылған. Отызыншы жылдарға дейін шыққан оқулықтардың тіл табиғатына сәйкес әзірленгендігі көрсетілді. Ахмет Байтұрсынұлы өзі мектепте он төрт жыл сабақ бергендігі, сол тәжірибесінің негізінде бастауыш білімнің бастауы әліппе оқулығын жазғандығы, тек халықты ағартумен ғана емес, оқуға не керек екендігін біліп жасап та берген ұлы реформатор екендігі айтылады. Осы уақытқа шейін қырық түрлі «Әліппе» шықты. Бірақ, қазір А. Байтұрсынұлының «Әліппесіне» қайта оралып, соның ізімен оқытуға кірісіп жатырмыз. Қазақ мектебі біраз адасып, тіпті, «Әліппе» мен «Ана тілін» тастап, жаңартылған бағдарлама шеңберінде «Сауат ашу» деген пән (оқулық) шығарған болатын. «Ана тілі» бірінші сыныптан-ақ, бірінші қыркүйектен бастап оқытылуы керек. Қазіргі «Ана тілі» де екінші сыныпта «Әдебиеттік оқу» мен «Қазақ тілі» пәніне бөлініп кететін нағыз кіріктірілген пән. Оны бірінші сыныптың екінші жарты жылдығында «Қазақ тілімен» кіріктіріп оқыту дұрыс емес. Бүгінгі бірінші сыныпта керегі жоқ пәндер көп (өзін-өзі тану, дүниетану, жаратылыстану, ағылшын тілі, орыс тілі). Ал балаға нағыз функционалдық білім беретін пәндерді («Әліппе» + «Ана тілі» + «Қазақ тілі») кіріктіріп отырғанымыз дәлелденген. Бастауыштағы пәндердің тек қазақ тілінде жүргізілуінің маңызы айтылған. Қазіргі таңдағы мектептердегі бастауыш пәндерде берілетін функционалдық білімнің сапасы талданды. Өз замандастарының және өзге де ғалымдардың Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтқан ойлары негізге алынып, ғұламаның шығарған оқулықтары мен әдістемелік құралдарының бүгінгі білім жүйесіне жарамдылығы, өміршендігі сипатталған. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ даласындағы сол кездегі жағдайды, ондағы оқытудың екі жүйесін, олардың пайдасы мен зиянын керемет талдап бергендігі көрсетілген. Орыс мектептерінің зиянын былай қойғанда, оның тұрмысқа қолайсыздығы мен қазіргі тілмен айтқанда одан алған білімнің функционалды емес екендігін, сол кезде-ақ айтып кеткендігі бүгінгі жағдаймен салыстырыла зерттелген.

Кілт сөздер: бастауыш мектеп, Ахмет Байтұрсынұлы, пән, функционалдық білім, ана тілі, әліппе, қазақ тілі, тұжырымдама.

Kipicne

Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетіне «Бастауыш мектеп» деген мақала жазады. Онда ұлт ұстазы «Бүгінгі қос бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің қатарынан табылмайтын мектептер. Біреуінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды қажет қылғандықтан жаман да болса, жоғынан бары артық деумен жасалып отырған іс. Екіншісінде, яғни орыс тілді школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ есесіне оның пайдасы аз. Олардың пайдасын азайтып отырған бір-ақ нәрсе — қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып орыс әрпін алдырамыз дейді. Сондықтан әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да орыс әрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұл еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді. Өткен он төртінші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген» [1]. Байқап отырғанымыздай Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласындағы сол кездегі жағдайды, ондағы оқытудың екі жүйесін, олардың пайдасы мен зиянын керемет сұңғылалығымен талдап береді.

Бізге кезінде кеңес кезіндегі қазақтың 02 пайызы ғана сауатты болған деп айтты. Далаға жарық сәуле әкелген кеңес үкіметі деген жалған тұжырымдарды сіңірді. Ал Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің қайта оралуы арқылы қазақтың сауаттылығы орыстардан да жоғары болғандығын білеміз: «Бұл күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтуға келмес. Оқуға қажетті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат танушылардың пайызы мұжықтардан жоғары. Бұл күнде тек хат жаза білетін қазақтардан бастап газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептерден оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандармыз. Бұдан: бүгінгі мектептер мұншама жайсыз, күйсіз қалпында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасына қарағанда көбірек жайып жатқаны, осы мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі» [1]. Сол кездегі патша үкіметі қарамаса да, қамқор болмаса да ауыл мектебінің артықшылығы мен пайдасына бұлтартпастай дәлел келтіріп тұр. Орыс мектептерінің зиянын былай қойғанда, оның тұрмысқа қолайсыздығы мен қазіргі тілмен айтқанда одан алған білімнің функционалды емес екендігі айтылған: осы мақаласында «Қазақ ішіндегі орыс школдары ауылнай, волосной, екі класты школдар. Бұл школдарды бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып шала оқумен ғана қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқығанның көбінен айрылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школ бітіргендерден ауылнай, учитель, писарь болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де дәл солай керек. Бүгінгі заманда хат танымаған адамның күйі, тілі я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей, мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі қарай оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек» [1].

Осы күні кей ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлына ағартушы деген баға береді. Ахмет Байтұрсынұлы оқу керек, сауаттану керек деп өлең жазумен, насихатпен ғана шектелген тек ағартушы емес екендігі анық. Әбіш Кекілбаев: «Иә, Ахмет Байтұрсынұлы — ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес» [2; 24]. Ахмет Байтұрсынұлы өзі мектепте он төрт жыл сабақ берген. Сол тәжірибесінің негізінде бастауыш білімнің бастауы әліппе оқулығын жазған. Тек халықты ағартумен ғана емес, оқуға не керек екендігін біліп жасап та берген ұлы реформатор.

Зерттеу әдістері

Біз бүгін өзге жұрттан үлгі алуға немесе көзсіз көшіруге әлі күнге дейін әуеспіз. Бірақ бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғандығынан көбіміз хабарсызбыз. Иә, бізде ұлы реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын әліппенің өз тарихы бар. Ақаң 1926 жылғы Бакудегі жиыннан кейін: «Біздің 10-ыншы жылдары шығарып ескі қоймаға тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тариқ жүйелі араб емлесінің тас-талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» [3; 572], — деген еді және өзі айтқандай, қазақтың дыбыс жүйесін тәртіптеген алғашқы кітабын Орынборда 1912 жылы шығарып еді. Бұл әліппелер толықтырылып, түзетіліп, өзі айдалып кеткен 30-жылдарға шейін Орынборда, Ташкентте, Қызылордада 10 шақты рет қайта-қайта басылып тұрды [4].

Осы уақытқа шейін қырық түрлі «Әліппе» шықты. Бірақ біз бәрібір Ахметтің «Әліппесіне» қайта оралып, соның ізімен оқытуға кірісіп жатырмыз. Қазақ мектептері «Әліппе» мен «Ана тілін» тастап, жаңартылған бағдарлама шеңберінде «Сауат ашу» деген пән (оқулық) шығарған болатын [5]. «Ана тілі» мен «Әліппенің» өзі де екі пән, бірақ кеңес дәуірінен бері кіріктіріліп, бірі («Әліппе») бірінші жартыжылдықта, екіншісі («Ана тілі») екінші жартыжылдықта оқытылып келді. Бұл пәндерді жыл басынан жеке-жеке өз алдына бөлек-бөлек оқыту керек. Біздің ойымызша, «Ана тілі» бірінші сыныптан-ақ, бірінші қыркүйектен бастап оқытылуы керек. Қазіргі «Ана тілі» де екінші сыныпта «Әдебиеттік оқу» мен «Қазақ тілі» пәніне бөлініп кететін нағыз кіріктірілген пән. Оны бірінші сыныптың екінші жарты жылдығында қазақ тілімен кіріктіріп оқыту дұрыс емес. Бүгінгі бірінші

сыныпта керегі жоқ пәндер көп (өзін-өзі тану, дүниетану, жаратылыстану, ағылшын тілі, орыс тілі). Ал біз балаға нағыз функционалдық білім беретін пәндерді («Әліппе» + «Ана тілі» + «Қазақ тілі») кіріктіріп отырмыз.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Ахмет Байтұрсынұлы бастауышта қандай пәндер оқытылуы керек екендігін сол кездің өзінде-ақ көрсетіп берген еді. «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» [1]. Бұны бүгінгі оқытылып жатқан пәндермен салыстырсақ мынадай кесте шығады (кесте 1).

К е с т е 1

Бастауыштағы пәндердің салыстырылымы

№	0 сынып	1 сынып	А. Байтұрсынұлының ұсынған пәндері
1	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	Әліппе	Оқу
2	Құрастыру	Математика	Жазу
3	Ағылшын тілі	Дүниетану	Дін
4	Музыка	Жаратылыстану	Ұлт тілі
5	Апликация	Көркем еңбек	Ұлт тарихы
6	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Есеп
7	Сурет салу	Орыс тілі	Жағрапия
8	Қоршаған ортамен танысу	Өзін өзі тану	Шаруа-кәсіп
9	Сауат ашу негіздері	Дене шынықтыру	Жаратылыс жайлы
10	Мүсіндеу	Музыка	
11	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері		
12	Экология негіздері		
13	Жаратылыстану		
14	Сөйлеуді дамыту		
15	Драма		
16	Көркем әдебиет		

Жоғарыда келтірілген кестеде Ахмет Байтұрсынұлы нағыз керек және тек қазақша оқытылатын пәндерді анықтап берді. Біз бүгінгі оқу жүйесінде осыны қайта қарауымыз керек. Өйткені Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін отызыншы жылдардан кейін қолдануға тыйым салған кезден бастап ғылымға саясат араласты. Өзі және тұтастары қазақ баласы бастауышта білімді тек қазақ тілінде ғана алуы керек деген ұстанымда болған: «Бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек», — дейді ұлт ұстазы [1].

Ұлт ұстазы «Әліппе» баланы оқу мен жазуға үйретеді деп, «Әліппенің» мақсатын айқындап берген. Оның мақсаты хат таныту, жазуға үйрету және жазылған сөзді оқуға үйрету болып табылады. Сондықтан «Әліппенің» сөздік қоры өте шектеулі болады. Бала сөйлеп тұрғанымен оқу мен жазу дағдысы өте баяу қалыптасады, мәнерлеп оқып, жүгіртіп жазып кету үшін ол әбден дағдылануы керек. Бізге оған өзге елдегідей көп уақыт керек емес, Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқитын ағылшындарға немесе әр суреті жеке-жеке мәні бар сөз болып табылатын қытайларға хат тану үшін көп уақыт керек. Мына іргедегі орыстың өзінде шарттылық көп. Мәселен, алты дауысты дыбысы қай дауыссыздың қасында тұруына қарай 48 түрге енеді [6]. Ал, қазақ тіліндегі 9+19=28 дыбыс қайда тұрса да сол дыбысталу күйін сақтап тұрады. Сол себептен біздің баланың сауат ашуы тез, оңай. Хат тануға Ақаңның «Әліппесімен» төрт-ақ апта керек болған [7]. Қазіргі 42 таңбадан тұратын орыс-қазақ әліпбиімен оған көбірек уақыт керек болар. Бұрын жаңа жылға дейін «Әліппені» аяқтайтын. Ал қазіргі «Сауат ашуда» түбін тексермей, әріппен танысуды наурызға шейін созып отырмыз.

«Әліппенің» ішіндегі мәтіндер өте қарапайым, («Ата ат тағала», «Айдос доп ал» және т.б.), 5–6 жастағы баланың өзінің табиғи сөздік қоры бұдан әлде қайда бай. Зерттеушілер монотілді (тілі бір тілде, ана тілінде шыққан) баланың сөздік қоры шамамен 5000 сөзді құрайтындығын айтады. Бұл дәлелденген тұжырым. Сондықтан бірінші жартыжылдықта тек хат танытамыз деп, баланың сөйлеу

дағдысын екі тоқсан бойы тежеп қоюға болмайды. Бірінші тоқсанда әлі оқи алмайтын бала сабақты «Әліппемен» қатар, тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы жүргізіп отыруы керек. «Ана тілінің» мақсаты оқушының сөйлеу дағдысын жетілдіру, дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Яғни, «Әліппе» баланы оқу мен жазуға дағдыландырса, «Ана тілі» оның сөйлеу дағдыларын әрі қарай жетілдіріп, шыңдай түседі. Мақсаты бөлек екі пән бөлек-бөлек оқытылуы керек.

Қазақ мектебінде «Әліппе» бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында аяқталып, бірден екінші жарты жылдықта тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік беретін «Қазақ тіліне» жалғасуы тиіс те, «Ана тілі» тыңдалым арқылы басталып, оқылым дағдысына ұласып, жыл бойы жүруі тиіс.

Тұжырым

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше «Әліппе» шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық. Бірақ біз төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар, кешенді дүние жасай алмадық.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі жасаған құралдармен сабақ берудің жолын да анық көрсеткен. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнделікті қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген [8]. «Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек», – дейді ұстаз.

Қазір өте көп айтылып жүрген Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы А. Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек, – дейді [9; 295].

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (*жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым*) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытылады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (*listening, reading, writing, speaking*) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады.

Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету — бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ», – дейді. Ахмет тіл үйретуді мынадай топтарға ажыратады: 1) оқылым — оқу үйрету; 2) жазылым — жазу үйрету; 3) айтылым — сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша және ауызша тілдің ара-жігі ажыратыла бермейді. Білім алушылар әріп пен дыбысты айыра алмай, бір сөйлеу барысында сөздерді жазба түріндегі қалпы бойынша айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында ғалымның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Ғалым

өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп те отырған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма? [4].

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін сатылап көрсеткен.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «теория және практика» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «*Өлі оқудан көрі «төте оқудың» беретін білімі жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқудың» беретін білімі жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру*» [10].

Қорыта келгенде айтарымыз, бастауышта бала тілін дамытып, жетілдірудің орнына кері кетіп отырмыз. «Әліппе» бойынша ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының жолына түстік, түсіп келеміз. Ал басқа бастауыштағы білім мәселесі бойынша да ұстаз жолына қайта оралуымыз керек. Олай болмаған жағдайда мынадай жүйесіздіктер шығып отыр:

1) 1 сыныптың бірінші жартысында тек хат танытатын пәнді, яғни «Әліппені» ғана оқытып, баланың табиғи коммуникациялық дағдысын екі тоқсанға тежеп отырмыз.

2) Екінші жартыжылдықта қарапайым тілдік ұғымдар жөнінде түсінік беріп, дұрыс оқу мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын пәнді («Қазақ тілін») екінші сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәніне айналатын «Ана тілімен» кіріктіріп қойдық.

3) Қазақ баласының өміріне нағыз керек білімді беретін оқу мен жазуға, ұлттық дүниетанымымен тұлға болып қалыптасуына негіз болатын үш пәнді кіріктіріп оқытып, есесіне бірінші сыныпқа пайдасы жоқ пәндерді қаптатып кіргіздік.

Осының неге бұлай екендігіне жауап беретін пенде болса, алдымызға шықса болар еді.

Мақала 2020–2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP08956367 гранты).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп / А. Байтұрсынұлы // «Қазақ» газеті, 1914. — № 61 (мамыр). — Б. 2–3.
- 2 Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты / Ә. Кекілбайұлы. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. — Алматы: Ғылым, 1999. — 567 б.
- 3 Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / А. Байтұрсынов. — Алматы: Абзал-ай, 2013. — 640 б.
- 4 Байтұрсынов А. Оқу құралы / А. Байтұрсынов. — Орынбор, 1925. — 72 б.
- 5 Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы // Мағазета. [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013619>.
- 6 Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ә. Жүнісбек. — Алматы: Абзал-Ай, 2018. — 368 б.
- 7 Шонанов Т. Ахмет Байтұрсынұвич Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы / Т. Шонанов // Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды. — № 544 (1). — 104 б.
- 8 Мәметқазыұлы Қ. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады [Электронды ресурс] / Қ. Мәметқазыұлы. — Қолжетімділік тәртібі: https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782.
- 9 Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том / А. Байтұрсынов. — Алматы: Ел-шежіре, 2013. — 382 б.
- 10 Шонанов Т. Латын әліппесі туралы / Т. Шонанов // «Еңбекші қазақ», 1926. — № 87 (сәуір). — Б. 25.

Б.С. Капалбек, А.М. Кенжекожаева

О принципах образования в начальной школе Ахмета Байтурсынова

В статье проанализированы позиции учителя нации Ахмета Байтурсынова в начальном школьном образовании. В работе Ахмета Байтурсынова «Бастауыш мектеп» изложены выводы и принципы, концепция азбуки и предметов, изучаемых на начальном этапе, которые сравниваются с системой

знаний, предоставляемых обновленной программой на современном начальном этапе. В ней выявлены предметные особенности и противоречия родного языка и алфавита. Указано, что учебники, изданные до тридцатых годов, были разработаны в соответствии с природой языка. Говорят, что Ахмет Байтұрсынұлы сам преподавал в школе четырнадцать лет, на основе этого опыта он написал учебник азбуки. Великий реформатор, который не только просвещал народ, но и неустанно говорил о том, что нужно учиться. К настоящему времени функционирует сорок вариантов алфавита, однако неизменно возвращаемся к «Әліппе» Ахмета и продолжаем обучение. Казахская школа немного сбилась с пути, забросив «Әліппе» и «Ана тілі», и в рамках обновленной программы выпустила предмет «Сауат ашу» (учебник). Родной язык необходимо учить с первого класса. Современный родной язык — это настоящий интегрированный предмет, который во втором классе разделяется на литературное чтение и казахский язык. Неправильно его учить во втором полугодии первого класса в классах с казахским языком обучения. Сегодня в первом классе много ненужных дисциплин «Самопознание», «Познание мира», «Естествознание», «Английский язык», «Русский язык». Авторы статьи отмечают, что должны интегрироваться предметы, дающие ребенку настоящее функциональное образование («Ана тілі» + «Родной язык» + «Казахский язык»). Кроме того, обоснована важность ведения дисциплин в начале обучения только на казахском языке. Проанализировано качество передаваемых функциональных знаний по предметам в современных начальных школах. За основу взяты мысли современников и других ученых об Ахмете Байтұрсынове, доказана жизнеспособность, пригодность учебников и методических пособий, изданных ученым, в современной системе образования. Показано, что Ахмет Байтұрсынұлы блестяще изучил тогдашнюю ситуацию в Казахской степи и две системы обучения в ней, их пользу и вред. В отличие от русских школ, его бытовое неблагополучие и то, что знания, полученные от него современным языком, не являются функциональными, можно сравнить с сегодняшним неблагополучным положением дел в казахских школах.

Ключевые слова: начальная школа, Ахмет Байтұрсынов, предмет, функциональное образование, родной язык, «Әліппе», казахский язык, концепция.

B.S. Kapalbek, A.M. Kenzhekozhaeva

Akhmet Baitursynov's principles of primary school education

The article analyzes the position of the teacher of the nation, Akhmet Baitursynov, in primary school education. In the article «Elementary school» by Akhmet Baitursynov the conclusions and principles were outlined, the concept of the alphabet and the subjects were studied at the initial stage, and were compared with the system of knowledge, provided by the updated program at the modern initial stage. The features and contradictions of the native language and the alphabet were analyzed in Baitursynov's work. It was indicated that textbooks published before the thirties were developed in accordance with the nature of the language. Akhmet Baitursynov himself taught at the school for fourteen years, on the basis of this experience he wrote a textbook of the alphabet. He was a great reformer who not only enlightened the people, but also created knowledge about what needs to be learned. By this time, forty different alphabets had been published. The «Alphabet» of Akhmet is being used these days. The Kazakh school lost its way a little, dropped the «Alippe» («Alphabet») and «Ана тілі» («Mother tongue»), and released the subject «Sauat ash» (Literacy) (textbook) as part of the updated program. In the first year of school, one needs to learn his native language. The modern native language is a real integrated subject, which in the second grade is divided into literary reading and the Kazakh language. It is wrong to teach it in the second half of the first grade with the Kazakh language of instruction. Today, there are many unnecessary subjects in the first class (self-knowledge, knowledge of the world, natural science, English, Russian). We prove that we integrate the subjects that give the child a real functional education (ABC + native language + Kazakh). The importance of conducting disciplines at the origins only in the Kazakh language is proved. The quality of transmitted functional knowledge in primary subjects in modern schools is analyzed. The ideas of his contemporaries and other scientists about Akhmet Baitursynov are taken as a basis, the viability and suitability of textbooks and methodological manuals published by scientists to the modern education system is proved. It is shown that Akhmet Baitursynov brilliantly analyzed the then situation in the Kazakh steppe, the two systems of education in it, their benefits and harms. Unlike Russian schools, its everyday problems and the fact that the knowledge gained from it in modern language is not functional can be compared with today's.

Keywords: primary school, Akhmet Baitursynov, subject, functional education, native language, ABC, kazakh language, concept.

References

- 1 Baitursynuly, A. (1914). Bastauysh mektep [Primary school]. *Qazaq gazeti* — «Kazakh» newspaper, 61, 2–3 [in Kazakh].

- 2 Kekilbaiuly, A. (1999). *Ustaz ulagaty* [Teacher training]. *Ulttyq rukhtyn uly tini. Gylymi maqalalar zhinagy* [The great fabric of the national spirit. Collection of scientific articles]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 3 Baitursynov, A. (2013). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-ai [in Kazakh].
- 4 Baitursynov, A. (1925). *Oqu quraly* [Textbook]. Orynbor [in Kazakh].
- 5 Zhalpy bilim beru uiymdaryna arналған zhalpy bilim beretin panderdin, tandau kurstarynyn zhane fakultativterdin ulgilik oqu bagdarlamalaryn bekitu turaly [On approval of standard curricula for general education, elective courses and electives for general education institutions]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013619> [in Kazakh].
- 6 Junisbek, A. (2018). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].
- 7 Shonanov, T. (1934). Akhmet Baitursunovich Baitursunov v oblasti narodnogo prosveshcheniia i literatury [Ahmet Baitursunovich Baitursunov in the field of folklore and literature]. *Qazaq SSR Memlekettik Ortalyq arkhivinen alyndy* — Retrieved from the Central State Archive of the Kazakh SSR [in Russian].
- 8 Mametkazyuly, Q. Qazir zhana dep tanyлған adistemelerdin kopshiligi Akhmet Baitursynov enbekterinen bastau alady [Most of the now-recognized specialties start with the works of Ahmet Baitursynov]. *lenta.inform.kz*. Retrieved from https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanyлған-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782 [in Kazakh].
- 9 Baitursynov, A. (2013). *Alty tomdyq shyrgarmalar zhinagy* [A collection of six-volume poems]. 3-tom [Vol. 3]. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 10 Shonanov, T. (1926). Latyn alippesi turaly [About the Latin alphabet]. «*Enbekshi qazaq*» — «A hardworking Kazakh», 87 (april), 25 [in Kazakh].